

Қызылорда облысының бюджетіне субвенция бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 29 қыркүйек N 1480

Қызылорда облысы бюджетінің теңгерімділігін қамтамасыз ету және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің және Медициналық қызмет көрсетулерге ақы төлеу жөніндегі орталық арқылы қаржыландырылатын денсаулық сақтау ұйымдарына жалақы төлеу бойынша берешекті өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қызылорда облысының әкіміне 1999 жылғы 15 қазанға дейін Қызылорда облысының жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің және Медициналық қызмет көрсетулерге ақы төлеу жөніндегі орталық арқылы қаржыландырылатын денсаулық сақтау ұйымдарының жалақы бойынша берешектерін өтеу үшін 1999 жылға арналған республикалық бюджетте

көзделген қаражат есебінен 200 000 000 (екі жүз миллион) теңге мөлшерде субвенция бөлсін;

заңдарға сәйкес ағымдағы жылдың аяғына дейін Қызылорда облысының бюджетіне субвенция бөлу бойынша түпкілікті есеп айырысу жүргізсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Икебаева А.Ж.